

Егемендігім елдігім-Тәуелсіздік ерлігім

Құттықтау!

Еркіндік пен әділдікті әлемге танытқан тарихи оқиға

Құрметті Желтоқсан қаһармандары!

Сіздерді халқымыз үшін ең қастерлі мереке-16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі-қазақ жастарының еркіндік пен әділдік жолындағы өр рухын әлемге танытқан тарихи оқиға. Сол бір сындарлы сәтте Сіздер ел намысын қорғап, тәуелсіздікке бастар жолдың бастауы болар батыл қадамды жасадыңыздар. Желтоқсан оқиғасы-азаттықтың ақ таңы атқанының айқын дәлелі, бүгінгі ұрпаққа ұмытылмас аманат.

Сіздердің жүректеріңіздегі жалын, қайсарлық пен ұлтқа деген адалдық-біздің егемен еліміздің негізін қалаған рухани күш. Бүгінде Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы-Сіздер көтерген қасиетті жүктің жалғасы.

Ардақты желтоқсаншылар!

Еңбектеріңіз ел жадында! Осы айтулы мереке күні Сіздерге зор денсаулық, амандық, ұрпағыңызға бақ-береке тілейміз!

М.Тұрысбеков,
аудан әкімі.
О.Жәмиев,
аудандық мәслихат төрағасы.

Ұлттық рухтың жаңғырған кезеңі

Құрметті аудан тұрғындары!

Қадірлі жерлестер!

Сіздерді ең ұлық та қастерлі мерекелердің бірі-16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тәуелсіздік-халқымыздың сан ғасырлар бойы арманы орындалып, елдік мүдде мен ұлттық рухтың жаңғырған тарихи кезеңі. 1991 жылы қабылданған тағдырлы шешім мемлекетіміздің бағыт-бағдарын айқындап, даму жолын қалыптастыруға жол ашты. Сол күннен бері Қазақстан әлемдік қауымдастықта өз орны бар, тұрақты дамушы, бейбітшілікті ту еткен ел ретінде танылып келеді.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарыштап дамып, халықаралық деңгейде беделін арттырды. Егемендік бізге тарихымызды түгендеуге, тіліміз бен мәдениетімізді жаңғыртуға, жаңа буынға жарқын болашақ қалыптастыруға зор мүмкіндік берді. Бүгінгі жетістіктер-әрбір қазақстандықтың еңбегі, татулығы мен төзімділігінің жемісі.

Біздің аудан да бұл даму жолына лайықты үлесін қосып келеді. Инфрақұрылым жаңарып, жаңа әлеуметтік нысандар бой көтеріп, ауылдарымыздың еңсе тіктеуі-Тәуелсіздіктің игілігі, ортақ еңбегіміздің нәтижесі. Бүгінгі табыстарымыздың барлығы ел ішіндегі ауызбіршілік пен іскерлік ынтымақтың арқасында мүмкін болды.

Қадірлі жерлестер!

Осы бір қастерлі мереке күні Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Тәуелсіз еліміздің туы әрдайым биікте желбіреп, берекесі артып, ынтымағы нығая берсін! Жеріміздің тыныштығы мен ел бірлігі мәңгі жасасын! Тәуелсіздік күні құтты болсын!

М.Тұрысбеков,
аудан әкімі.
О.Жәмиев,
аудандық мәслихат төрағасы.



Өз биігімізде болуға тиіспіз

Келесі жылы желтоқсан көтерілісіне 40 жыл толады. Уақыт деген дөңгелеп өте шығыпты. Кеше ғана мұрты төбіндеген бозбала, бұрымы желмен ойнаған бойжеткен едік. Бүгін немерелі ата, ақ жаулықты әже болдық. Сол уақытта ауылдан Алматыға барғанда әлі өмірдің заңын білмейтін, құпиясы мен қиындығын көрмеген бала едік. Желтоқсан көтерілісі болған үш күн біздердің әрқайсымызды үш жылға есейтті. Үш жыл деймін-ау, отыз жылға есейтті. Одан жігіттер әскерге аттанып, Отан алдындағы азаматтық борышымызды өтедік. Алматы қаласындағы айтулы Желтоқсан көтерілісі қазақ

халқының рухты бас көтеруі еді. Ол озбырлық пен қиянатқа, әділетсіздік пен ақиқат іздеген ұлтжанды ұрпақтың ерен ерлігі еді. Кейін 1994 жылдары жоғары оқу орнын бітіріп елге келген соң Созақ ауданындағы желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастардың басын қостық. Сонда ауданның басшылығына қызметке келген азамат ағаларымыздың желтоқсан көтерілісіне қатысқан жерлестеріміз бен олардың арман мақсаттарын жоққа шығарған кереғар пікірлеріне кез болып, ағаларымыздың ой ерістеріне таң қалдық.

«Білеміз ғой ол көтерілісті», «Ол дегенің бұзақы, көшеде сенделіп жүрген еріккен жас-

тардың тірлігі ғой»-деген сияқты пікірде болулары мені мен менен басқа желтоқсаншыларды қатты ренжітті. Ол ағаларымыз кезінде совет-партия қызметкерлері болған азаматтар еді. Атын атап, түсін түстеп беруіме де болады. Құдайға шүкір бүгінде арамызда әлі алшаң басып жүр.

Ал желтоқсан көтерілісін, оның мәні мен мағынасын, қадір-қасиетін тңғыш, өз деңгейінде бағалаған, аудан әкімі Қуаныш Айтахановты айтар едім. Ол кісі бүкіл Қазақстан бойынша желтоқсан ардагерлерін алғаш қабылдап, құрмет жасаған нағыз қайраткер, ұлтжанды батыр азамат.

(Жалғасы 4-бетте).

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

10.11.2025 жыл №34

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті отыз бесінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті отыз бесінші сессиясы 2025 жылғы 23 желтоқсан, сағат 11.00 де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы **О.Жәмиев**

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті отыз бесінші сессиясы 2025 жылғы 23 желтоқсан, сағат 11.00 де, Шолаққорған ауылында шақырыла-

тыны туралы Сіздерге хабардар етемін. Мекен-жай: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 23 желтоқсан, сағат 9.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2025 жылғы 23 желтоқсан, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

1.2026-2028 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы.

2.Сайлаушылар мен депутаттардың айтқан ұсыныс пікірлері мен сын-ескертпелерінің орындалу барысы туралы.

3.Аудандық мәслихаттың «Бюджет және экономикалық даму жөніндегі» тұрақты комиссиясының есебі.

4.Аудандық мәслихаттың «Заңдылық, әлеуметтік қорғау, аумақтық орналастыру жөніндегі» тұрақты комиссиясының есебі.

5.Аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.

Сессияның қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы **О.Жәмиев**



«Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» орталығы ашылды

Құмкент ауылдық округінде әлеуметтік және спорттық нысан ашылып, тұрғындар қос бірдей қуаныштың куәсі болды. Алдымен жабық үлгідегі кіші футбол алаңының ашылу салтанаты өтіп, одан кейін «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» орталығы ресми түрде есігін айқара ашты. Шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы қатысып, жаңа орталықтың жұмысымен танысты.

«Әлеуметтік қолдау бағытындағы жұмыстар аудан дамуының басым бағыттарының бірі. Жаңа орталық ардагерлердің өмір сапасын жақсартып қана қоймай, белсенді әрі мәнді өмір сүруіне жағдай жасайды. Осындағы ауыл ақсақалдары мен ақ жаулықты әжелеріміз бейнетінің зейнетін көрер шақта қажетті қызметтерді жақыннан, қолжетімді түрде ала алады. Біздің мақсатымыз аға бу-

ынға құрмет көрсетіп, тәжірибесін қоғам өмірімен байланыстыру. Сондықтан бұл орталық тек қызмет көрсететін орын емес, ауылдың бірлігі, жылылығы мен қамқорлықтың ортасына айнады деп сенеміз», - деді аудан басшысы.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов орталықтың әлеуметтік маңызын атап өтіп, ардагерлерге жасалған жағдайға ризашылығын білдірді. Сондай-ақ ауданның Құрметті азаматы, ауыл қариясы Серікбай Байқұтiev биыл Құмкентте атқарылған ауқымды жұмыстар үшін ауыл тұрғындары атынан алғыс айтты.

Жаңа орталықта 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Бұл нысан зейнет жастағы ардагерлерге және 18 жастан асқан ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған. Бір мезетте 30 адамға дейін қызмет көрсе-

туге мүмкіндік бар. Сонымен бірге Қызылкөл елді мекенінің қариялары да осы орталықтың қызметін пайдалана алады.

Орталықта тұз шахтасы, психологиялық терапия бөлмесі, дене шынықтыру залы, оқу және демалыс бөлмелері, массаж кабинеті, бильярд және шахмат ойындарына арналған орындар мен шәй ішіп, еркін демалуға арналған асүй жабдықтары қарастырылған.

Жиын соңында тұрғындар жаңа орталықтың ішін аралап, көрсетілетін қызмет түрлерімен танысты және өз ризашылықтарын жеткізді.

Айта кетейік, биыл дәл осындай орталық аудан орталығынан бөлек, Созақ ауылында да ашылды. Бұл жұмыстар әлеуметтік саланың әлеуетін арттырып, ардагерлерге көрсетілетін қызметтің қолжетімділігін кеңейтіп келеді.

Республикалық акция аясында пресс-конференция өтті

«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді 16 күн» республикалық акциясы аясында Созақ аудандық полиция бөлімінің бастығының бірінші орынбасары Рүстем Нұрдаулет Әбдіхашимұлының қатысуымен пресс-конференция ұйымдастырылды.

Іс-шараға Созақ аудандық полиция бөлімінің Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторы Айжан Манапова, Отбасылық-тұрмыс-

тұрғындарды тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстармен таныстыру, қолданыстағы заңнама талаптарын түсіндіру және азаматтарға құқықтық қолдау көрсету.

Сонымен қатар, азаматтарды қорғау тетіктері, сенім телефондары, «111» шұғыл қызметі және «102» полиция арнасы арқылы көмек алу мүмкіндіктері туралы толық



стық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы Жанерке Жұматова, сондай-ақ «Отбасын қолдау орталығының» бөлімше басшысы Біржан Саржанов пен «Созақ үні» газетінің бас редакторы Мақсат Қарғабай мен жауапты мекеме өкілдері қатысты.

Шараның негізгі мақсаты-

ақпарат берілді. Құқықбұзушылық фактілері бойынша дер кезінде хабарласудың маңыздылығы ерекше аталып өтті.

Пресс-конференция қорытындысында зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екені атап өтілді.

Жоба аясында өткен танымдық сабақ

Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицейінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында «Қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында «Елдегі әрбір баланың бақыты және қауіпсіз балалық шағы болуы тиіс» тақырыбында танымдық сабағы өтті. Аталған шараға Созақ ауданының

сіндіру және оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру. Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицейдің кәсіптік бағдар беруші педагогі И.Садықованың ұйымдастыруымен өткен сабақ барысында бала қауіпсіздігіне қатысты әзірленген бейнероликтер көрсетілді. Оқушылар дайындаған постерлерін қорғап, қоғамда атқарылып жат-

Жабық үлгідегі кіші футбол алаңы пайдалануға берілді



Құмкент ауылында заманауи талаптарға сай салынған жабық үлгідегі кіші футбол алаңының құрылысы аяқталып, ел игілігіне ұсынылды. Спорт нысанының ашылу салтанатына аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков қатысып, ауыл тұрғындары мен жастарды жаңа нысанның іске қосылуымен құттықтады.

«Жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасау-біздің басты міндетіміз. Спортқа қолжетімділік артып, ауылдарда осындай сапалы инфрақұрылым саны көбейіп келеді. Бүгінгі ашылып отырған нысанда ауыл жастары спортпен шұғылданып, үлкен жетістіктерге жетеді деп сенеміз», - деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Сондай-ақ аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев құттықтау сөз сөйлеп, ау-

данда спорттық инфрақұрылым жылдан-жылға жақсарып келе жатқанын атап өтті. Ауыл қариясы, спорт ардагері Амантай Қожабеков нысанның ауыл жастарына берер игілігі мол екенін айтып, игі іске ұйытқы болған азаматтарға ризашылығын білдірді.

Жаңа спорт алаңы барлық стандарттарға сай жабдықталған. Мұнда ойыншыларға арналған киім ауыстыратын бөлмелер, жарықтандыру жүйесі, жасанды төсеніш төселген футбол алаңы, қауіпсіздік қоршаулары қарастырылған. Нысан аумағы толықтай асфальтталып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Айта кетейік, биылғы жылы Құмкент ауылдық округінде 5 балалар ойын алаңшасы мен 1 ересектерге арналған шынығу алаңы салынды. Жыл соңына дейін округке қарасты Қызылкөл елді мекенінде 2 ойын алаңшасының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілмек. Сонымен қатар Шу, Тасты, Жуантөбе, Жартытөбе ауылдарында да дәл осындай спорт нысандары бой көтеруде. Жақын күнде бұл нысандар да ел игілігіне табысталады.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**



білім бөлімінің әдіскері Е.Досболов, Созақ АПБ-нің ҚКБ-нің ЮПТ упи полиция аға лейтенанты мектеп инспекторы Е.Өскен, Созақ ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің инженерлері азаматтық қорғау аға лейтенанты Н.Сартай, азаматтық қорғау лейтенанты З.Алшеров және мектеп медбикесі Ж.Алпаева-лар қатысты.

Шараның негізгі мақсаты-балалардың қауіпсіздігін сақтау, оларды түрлі қауіп-қатерден қорғау жолдарын тү-

қан жұмыстармен таныстырды. Шараға қатысқан қонақтар өз мамандықтары бойынша топтарға жетекшілік етті. Шара соңында қатысушылар кері байланыс беріп, өз ойларымен бөлісті.

Сонымен қатар дәрігер, полиция және өрт сөндіру қызметкерлеріне арналған сұрақтар қойылып, балалардың денсаулығын, интернет пен көшедегі қауіпсіздігін, тұрмыстық өрттің алдын алу жолдары кеңінен талқыланды.

«Созақ үні»-ақпарат.

«Бүгінгі

жиынның мән-маңызы айрықша. Еліміздегі барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдері осы жерге арнайы шақырылды. Ауыл әкімдерінің басым көпшілігі, яғни 80 пайызы осында. Жалпы, осындай ауқымды құраммен алғаш рет бас қосып отырмыз.

Шын мәнінде, тақырып – өте өзекті. Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың тамыры – ауылда. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ.

Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше. Әкім – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл – өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек. Жаңа ғана бірнеше әкімнің сөзін тыңдадық. Айтылған ой-пікірлерді және ұсыныстарды мұқият зерделеп, жұмыс барысында міндетті түрде ескеру қажет», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің өзі осылай өте жоғары баға берген бұл жиынға біздің Созақ ауданының да 8 ауыл, 2 кент әкімі де барып қатысқан болатын. Бұл жайында отандық БАҚ пенен әлеуметтік желілерден көріп, естіп- оқып отырған шығарсыздар. Осы жиынға арнайы барып, қатысып, Мемлекет басшысының жанында тұрып, тарихи ескерткіш суретке түсіп қайтқан Шолаққорған ауылымыздың әкімі Төлепберген Жеңісәлі Бақытжанұлымен мереке қарсаңында арнайы сұхбаттасып, ауылдың бүгінгі ахуалы мен болашақ даму бағыты жөнінде әңгімелескен едік. Сол сұхбатты оқырмандарымыздың назарына ұсынамын:

- Жеңісәлі Бақытжанұлы, сонымен елордамыз Астанада қарашаның 27-28 күндері өткен бұл форумнан алған әсерлеріңіз қалай болды? Мемлекет басшысымен болған диалогтан соң, саналарыңызда қандай да бір өзгеріс, саяси өмірлеріңізде бір серпіліс болды ма?

- Иә, Сіз айтқан қарашаның 27 күні Түркістан қаласынан Астанаға үлкен бір делегация ұшып барып, алдын- ала дайындап қойған 6 бірдей қонақүйге орналастық. Бұл күні 28 күні өтетін форумға дайындық жұмыстары жүрді. Білесіз бе, Президент пен ауыл әкімдерінің бұлай Диалог-Платформада басқосуы Қазақстан тарихын да бірінші рет орын алып отырғандықтан әсері бөлек болды. Мені жуырда ғана ауыл әкімі болып сайланды демесеңіз, бұған дейін де мемлекеттік қызметтің түрлі сатысынан өткендіктен, еліміз егемендігін алып, әкімшілік жүйеге өткен 30 жылдан астам уақытта ауыл әкімдері тұңғыш рет өздерінің бар екенін, қоғамның бір бөлшегі екендіктерін сезінді дегенді толық сеніммен айта аламын. Тіпті, өзімізді бірауыт Мемлекет басшысының ауылдардағы тікелей өкілдері сезіндік. Ал енді, алдын-ала сөйлейді деп дайындалған ауыл әкімдерінен де бөлек бірнеше ауыл әкімдері ашық диалогқа шықты. Әрине, ол мүмкіндікті оларға Президент өзі жасап берді. Біздер де Мемлекет басшысының алдында сөз сөйлеу бақыты бұйырып қала ма деп, әрқайсысымыз өзіміздің жүрегімізден шыққан жолдауымызды қағаз бетіне түсіріп, тас түйін дайын отырдық. Алайда, өздеріңіз көріп-білгендеріңіздей бірнеше ауыл әкімдеріне ғана сөз сөйлеу бұйырыпты. Ал, осыдан соңғы серпіліске келсек, әзірше бәрі жоспар күйінде тұр, нақты серпілісті жұмыс барысында көре жатарсыздар.

-Жалпы, ауыл әкімдерін тікелей сайлау-елдегі маңызды реформалардың бірі. Сіз осы жүйе арқылы сайланған 2334 әкімнің бірі ретінде, бұл өзгерістің ең басты тиімділігі неде деп ойлайсыз?

-Расында, тікелей сайлау-ауыл өміріндегі үлкен бетбұрыс. Бұрын әкім тек есеп беретін тұлға болса, қазір жауапкершілігі жоғары, шешімін халықпен бірге қабылдайтын басшыға айналды. Халық өзі сайлаған соң, әр бастамаға серіктестікпен қатысып, дамуға нақты араласады. Бұл-жергілікті өзін-өзі басқарудың ең үлкен күші. Бүгінде ауылдағы мәселелер жылдап емес, айлармен шешіле бастады. Бұл- Президент бастамасының нақты жемісі.

-Шолаққорған Созақ ауданының орталығы. Осы жыл ішінде қандай әлеуметтік және инфрақұрылымдық өзгерістер болды?

-Бұл жайында алдын да сізбенен сұхбат жасаған болатынбыз. Деген-

мен, сауал қойылған соң қысқартып жауап берейін. Жалпы, Шолаққорған-тарихи терең, халқы еңбекқор ауыл. Халық саны көп болғандықтан, әлеуметтік жүктеме де жоғары. Соған сәйкес:

- ауылышылық жолдар кезең-кезеңімен жөнделуде;
- мектептер жаңғыртылып, жаңа кабинеттермен толықтырылуда;
- медициналық пункттер заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді;
- көше жарықтандыруы толық



Ауыл әкімдері Президентпен кездесуден серпін алды

руашылық жүйесін ауылдық округ құзырына беру қажеттігі. Қазіргі мемлекеттік сатып алу тәртібі жедел әрекет етуге мүмкіндік бермейді.

-Екінші арнайы техниканың тапшылығы. Атап айтсақ, бізге:

- универсал тракторлар,
- ауыр жүк көліктері,
- өрт сөндіру техникасы,
- вакуум-ассенизатор машиналары

өте қажет. Қолда бар бір трактордың өзі жанар-жағармаймен тұрақты қамтамасыз етілмеген.

ын ауыл бюджетіне қалдыру туралы ұсыныс енгіздік. Бұл ауылдың тұрақты табысын қалыптастырады, жаңа бизнесті тартуға ынталандырады, әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

-Бұл ұсыныстар жүзеге асса, ауыл әкімдерінің рөлі де өзгереді ғой?

-Әрине. Әкім тек әкімшілік тұлға емес, жергілікті экономиканы дамытатын толыққанды менеджер болуы тиіс. Сондықтан «Мемлекеттік қыз-



аяқталуға жақын.

Ең маңызды көрсеткіш-экономикалық әлеуеттің артуы. Бүгінде ауылдағы орташа айлық жалақы 582 мың теңгеге жетті. Өнеркәсіп саласында 2 мыңға жуық тұрғын еңбек етіп жүр. Бұл-ауыл еңбек нарығының үлкен мүмкіндігі.

-Демек, Шолаққорған тек тұтынушы емес, табыс өндіретін аймаққа айналып жатыр ғой, солай ма?

-Иә, басты мақсатымыз-ауылдың өз экономикасы болуын қамтамасыз ету. Ол үшін Президент айтқанындай, ауылымызда кәсіпкерлікті, ауыл және мал шаруашылығын дамытуымыз қажет. Бұл ауыл экономикасына нақты серпін береді.

-Әрине, даму бар жерде шешімін күткен мәселелер де болады. Бүгінде ауыл үшін ең өзекті проблемалар қандай?

-Бірінші мәселе-коммуналдық ша-

-Үшінші мәселе-мамандар тапшылығы мен олардың айлық-жалақыларының аздығы. Жер мәселесі, мемлекеттік сатып алу жұмыстары, кіріс базасын ұлғайту-бұлардың бәріне кәсіби кадрлар керек. Заңгер, салық маманы, elektrik қызметіне сұраныс өте жоғары.

-Ауыл аумағында жұмыс істейтін ірі кен орындары бар. Сол кәсіпорындардың төлемдері туралы ұсыныстарыңыз бар екен...

-Иә, бұл-өте маңызды. Уран, фосфор өндіретін кәсіпорындардың экологиялық әсерін ең алдымен ауыл тұрғындары көреді. Бірақ олардың төлейтін салықтары ауылға бірден түспейді. Сондықтан біз:

1.Экологиялық төлемдердің бір бөлігін өндіріс орналасқан ауылдық округтің бюджетіне беру,

2.Компаниялардан алынатын кіріс және мүлік салығының кемінде 50%-

метшілердің мәртебесі туралы» жеке заң қабылдау маңызды. Бұл ауыл әкімдерінің өкілеттігін нақтылап, жұмыстың тиімділігін арттырады.

-Диалог-платформада Мемлекет басшысына тікелей ұсыныс айту оңай емес. Сіз сол алаңда қандай ой түйдіңіз?

-Бұл үлкен жауапкершілік. Президенттің ауылға, ауыл әкімдеріне деген сенімі жоғары екенін сезіндік.

Біздің міндет-сол сенімді ақтау. Туған жерімізге адал қызмет ету, нақты нәтиже көрсету-басты мақсатымыз.

-Әңгімеңізге рақмет. Жұмысыңызға табыс тілейміз!

-Рақмет. Тек халықпен бірге еңбек етсек, Шолаққорғанды дамытудың жаңа сатысына көтеріміз!

Сұхбаттасқан: Данияр БЕК, «Созақ үні» газетінің аға тілшісі.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Тәуелсіздік толғауы

Биыл 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне 39 жыл. Сол кезде туылған балалар 39 жаста болса, ал көтеріліске қатысқан жастардың шаштарын ақ қырау шалған. Бізбен мүлдем санаспайтын зымыраған уақыт шіркін, бұл тарихи ұлт-азаттық көтерілісті көмескілендіріп, тіпті қазіргі кезеңдегі көптеген жастардың хабарсыз қалуына да жол ашқандай. Дәйтұрғанмен де, қақпаған аязда, көк мұзда соққыға жығылып, итке таланып, жалаңаш күйінде қаланың сыртындағы терең шұңқырға керексіз дүниедей лақтырылып тасталған жап-жас зорланған қыздар мен көздері қанталап, ыза-кекке толы өрімдей жас жігіттердің шырқыраған ащы жан дауыстары алыстан талып естіледі. Өйткені бұл желтоқсанның жанды қарыған ызғары біздер секілді желтоқсаншылардың санасына өшпестей сіңіп қалған. Осынау бостандық пен ұлт намысы үшін күреске бел буғандардың жанкешті қадамына басты түрткі болған оқиға: Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1986 жылғы 16 желтоқсанда бар жоғы он сегіз минутқа созылға пленумда Алматыға арнайы ұшып келген КОКП Орталық Комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Г.Разумовскийдің саяси бюроның атынан ұзақ жылға адал қызметі үшін Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа алғыс айтып, орнына халыққа аты жөні беймәлім Г.В.Колбиннің сайлануын жария етуінде еді. Сол күні кешке дейін

барысындағы әңгіме барысында. Иә, шындығында бәріміздің ой-арман, мақсатымыз осы еді. Осы ретте, егер біз сол кезде алаңға шықпасақ, қазақтың сүйегіне таңба түсер еді. Өз басым алаңға шыққаным өкінбеймін. Қан төгіліп, талай жастың тағдыры сынса да, біз қазақ халқының намысты ұл-қыздарының бар екенін әлемге паш еттік. Сүйекке таңба түсірмедік. Алайда, алаңдағы мінбеге шыққандардың кейбіреулері тіптен қазақ тілінде дұрыс сөйлей алмай жиналғандардың ұлттық намысын одан әрі өршітті. «Жигиттер, киздар, үйлеріне кайтандар!» дегеннен басқа сөз айта алмады. Дер кезінде халық сыйлайтын партия, соғыс ардагерлерін, танымал ақын, жазушыларды зиялы қауым өкілдерін мінбеге шығару ешкімнің де ойына келмеуі өкінішке ұрындырады. Дәл осындай ұзақ жылдардан бері созылып келе жатқан саяси қателіктердің салдарынан КОКП Орталық Комитеті бірде-бір қорытынды шығармай, жалғастыра беруі халық шыдамының да шегіне жеткен еді. Зайырлы демократиялық мемлекет болуға деген талпыныс тағы да қатты тойтарысқа ұшырады. Амал қанша, желтоқсаншылар армандаған сөз бостандығы, адам құқығы деген құндылықтардың күлпаршасы шығып, аяусыз аяққа тапталды. Ары да жаны да таза, кіршіксіз пәк, жауқазын жастар таяққа жығылды, сотталды. Жұмыстарынан, оқуларынан қуылды. Денса-

кетулеріне де сол кездегі кеңес үкіметінің солақай саясатының әсері тиді демеске шарамыз жоқ. Бұдан да басқа белгісіз жағдайда көз жұмғандардың дәл санын осы күнге дейін ешкім білмейді. Кейде желтоқсандықтар бас қоса қалғанда ойға оралатыны, мүмкін тәуелсіздікке ертерек жету үшін де осындай құрбандықтар керек болған шығар... Осы уақытқа дейін өте өкінішті жай, өзекті өртейтін осы оқиғаға кінәлілер сол күйі табылған жоқ. Тіпті қайтадан қандай комиссия құрылып, зерттесе де табылмайды. Өйткені сол кездегі ҚазССР ішкі істер Министрінің бірінші орынбасары Э.О.Басаров оқиғаға қатысты көптеген қажетті құжаттарды «Тарихи, ғылыми құны жоқ, іс жүзіндегі маңызын жоғалтқан» деген сылтаумен өртеп жіберген. Комиссияның қолына тиген 25 томнан тұратын 2 мыңдай ғана құжат. Оның өзі нағыз кінәлілерді табуға жеткіліксіз болған. Осылайша желтоқсанға қатысты шындықтың беті әлі күнге дейін толық ашылған жоқ. Дүниеге дүр сілкіндіріп, тәуелсіздігімізге бастау болған ызғарлы желтоқсанның сол бір кезіндегі сүреңсіз көріністері әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Уақыт өтіп, қыс кетіп, көктемгі жылымық кезеңдегідей шақ туғанымен жас жанымызды жаралаған, өн бойымыздан өткен сол бір ызғар ізі әлі жүрегімізді сыздатады. Кейде түсімізге де кіреді...

Осыдан-ақ бостандық пен

Өз биігімізде болуға тиіспіз

нументін тұрғызуға күш салғымыз келді. Бұл игі бастаманы біз Созақ аудандық мәслихатының депутаты, ұлтжанды қызымыз Есмұратова Гүлшат Есбергенқызына айтып, ұсынысымызды биліктің, аудан басшысы мен аудандық мәслихат депутаттарының назарына салуын өтіндік. Өтінішімізді аяқсыз қалдырмаған халық қалаулысы Гүлшат ханымға үлкен ризашылығымызды білдіргіміз келеді. Желтоқсан ардагерлері Қарағұр ауылында біреу, Таукент кентінде бесеу, Сызған ауылында екеу, Жартытөбе ауылында біреу, Созақ ауылында біреу, Шолаққорған ауылында он бір азамат тұрады. Осы жерде айтатын бір ұсыныс пікірім, бізде желтоқсан ардагерлерімен мектептерде кездесу жылына бір рет, тек 10-16 желтоқсан аралығында ғана емес, тұрақты өтіп тұрса деген ұсынысым бар. Енді бір кісілер желтоқсан көтерілісі болғандықтан, онда аяусыз қан төгілгендіктен бұл күні аза тұту күні деп атаған жөн дейді. Бірақ мен бұл пікірге қосыла қоймаймын. Қазақтың басынан не өтпеген? Қазақтың қай күні аза тұту күні емес? Қарап тұрсаңыз 9 мамыр да аза тұту, 7 ақпан да аза тұту саналады. Қай күні мерекемен астасады. Менімше қазақ ұлтының рухы оянған күн болғандықтан 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні мерекесі болып қала беруі тиіс.

Тарих тегершігін кері айналдырсаңыз 1930 жылы ақпанда кеңес өкіметінің озбыр саясатына қарсы Созақ ауданында Созақ көтерілісі болды. Араға 56 жыл салып, кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы сол кісілердің немерелері Алматы қаласындағы көтеріліске қатысты.

Бабалар аманатына адалдық танытып, қазақ халқының салтына, дәстүріне, тілі мен дініне қиянат жасап, қасірет шектірген темір бұзауды қазақ жастары бұзады. Осылайша аталарымыз армандаған ұлы мұрат орындалды. Ұлт көтерілісі өз мақсатына жетті. Желтоқсан ардагерлерінің алды зейнеткерлік демалыста. Олардың саны бес адам. Арамыздан соңғы жылдары Бекжанов Қанат, Рыскелдиев Айтбай, Ермекқараев Бақытбек, Әлмахан Асан аты бауырларымыз қайтпас сапарға аттанды. Олардың барлығы сол желтоқсан кезінде алған тән жарасы мен жан жарасының себепінен еді. Енді адам болған соң адамда пенделік болады ғой, Ондай әрекеттің көзін жойып отыруға тырысамыз. Біреу ауданның Құрметті азаматы болғысы келеді. Енді бірі қалаға да, ауылға тіркеу жасап мемлекеттен түрлі жеңілдік алғысы келеді. Маралат, сыйлық алғысы келеді. Олар біздің қатарымыздан емес. Оларды дәл сондай пенделік пиғылда болса кешегі желтоқсанда отаншылдық рухта болған жастардың бірі деп айта алмаймын. Ондай азаматтардың лажы болса арамыздан ақырын ғана шығып кетуін қалаймыз.

Ал енді Құрметті азаматқа келсек «Желтоқсан ардагері» деген атақтан жоғары атақ бар ма Қазақстанда! Осыны неге ойламаймыз? Біздің Ұлы Отан соғысы, ауған, тәжік-ауған, соғысы ардагерлерінен айырмашылығымыз-біз егемен елдің тәуелсіздігі мен болашағы жолында күрескен жастармыз. Бұл айрықша мәртебенің құдыреттілігі де сонда. Біз пайдakүнем, майдакүнем, болмауымыз керек. Еңсемізді тіктеп, басымызды көтеріп, асқақ жүруді Алла нәсіп етсін! Біз желтоқсандықтар өз биігімізде болуға тиіспіз!



Пленум туралы қысқаша информациялық хабардан басқа ешнәрсе айтылмады, болған жағдайдың себеп-салдары халыққа жете түсіндірілмеді. Сондықтан да 17-18 желтоқсан күндері алаңға тәуелсіздікті ту етіп көтерген 25-30 мыңдай адам шықты, зайырлы егеменді ел болуымызды аңсаған жалынды жастар, ұлттық намысты жанытын ұрандар көтерді. «Әр ұлтқа-өз көсемі» қажеттігін өжеттілікпен талап етті. Үнемі Мәскеуден берілетін партия көсемдерінің жосықсыз, келеңсіз бұйрықтарымен қашанға дейін момақан күйде келісе беретіндіктерін бейбіт түрде мәлімдеуге шықты. Яғни, бұл дегеніңіз-өздеріне ұнаған адамды таққа қонжита салатын КОКП Орталық Комитетіне қатып-сеніп қалған тоталитарлық жүйеге деген ызалы реніш болатын. «Шын мәнінде сол кезеңдегі 5 миллионнан аса қазақ ұлтының арасынан ел басқаратын бір адамның табылмауы-ақылға қонбайтын іс-әрекет еді. Осынау кереғарлыққа жауап-ұлттық ар-намысты тап-татқымыз келмей, еңсемізді тік ұстайтын ел екенімізді партияның бюрократтарына, орталықтың өктемдігін мойындатқымыз келді»-дейді желтоқсаншылардың қай-қайсысымен де кездесу

улықтарынан айырылып, көбісі мүгедек болып, тағдырлары талапайға түсті. Ал, бұл оқиғаны кейбіреулер нашақорлар мен маскүнемдердің, болмаса ұлт-шылдардың іс-әрекеттері деп бағалауына тіптен де негіз жоқ екенін, 1990 жылы осы оқиғаны зерттеуге құрылған комиссия растап берді. Комиссияның қос төрағасының бірі алаштың азамат ақыны Мұхтар Шаханов болса, екіншісі, «Ана тілі»-арың бұл» деп қазақты тебірткен зиялылар ортасында парасаттылығымен ауызға алынатын ақын Қадыр Мырзалиев болған еді. Комиссия тексере келе 8,5 мың адамның ұсталып, 7 мыңның ауыр соққыдан әртүрлі жарақат алғанын екі адамның ату жазасына тартылғанын, 99 адамның әр түрлі мерзімге сотталып, 326 адамның әкімшілік жауапқа тартылғанын, 270 студенттің оқудан шығарылып, көптеген жұмысшылар мен қызметкерлердің жұмыстарынан босатылғанын анықтаған. Қудалауға қуғынға ұшырағандар саны шексіз еді. Осы тұста кіршіксіз, таза ойдағы, жазықсыз қаза болған Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Спатаев, Ләззат Асанова сынды бар жоғы 18-20 жастағы өрімдей өрендердің жарқын өмірден қыршын

тәуелсіздік оңайға түспегенін аңғаруға болады. Ақырында салтанатты сәтте туды. 1991 жылдың 16 желтоқсанында желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастар толықтай ақталды. Бұл қазақ халқының ұлт-азаттық ұзақ шайқасының жеңіске жеткен күні еді. Ендеше бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізгі, егемендікке жету жолындағы ұлт-азаттық көтерілістердің түйіні-Желтоқсан көтерілісі деп айтуға толық құқығымыз бар. Сол көтеріліске қатысушылардың бірі ретінде тәуелсіздік күні кеудемді еріксіз қуаныш көрнейді.

Көзбен көріп, жүрек сыздатар қиыншылықты айту қанша уақыт өтсе де өте қиын. Ол-жүрекке түскен жара. Сондықтан да ақиқатты айтуды жөн көрдім. Жас ұрпақ тәуелсіздіктің қандай қиындықпен келгенін білсе, қастерлесе екен деймін. Олар қазақтың ерлік тарихында ерекше орын алатын желтоқсан көтерілісінің тауқыметін таразылап, атабаба тектілігіне сақтаған өршіл өрендердің ерлігіне тағзым етуді ұмытпаса екен!...

Болат ШАЙМАНУЛЫ,
Қазақстанның Құрметті
журналисі.
Алматы қаласы.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
«Созақ желтоқсан ардагерлері»
қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

XX ғасыр трагедиясы:

Байлар институтының күйрегі және ұлт жоғалтқан құндылықтар

(Жалғасы.
Басы өткен санда).

Джандырбеков Тағай - малын туыстар арқылы жасырған жас бай

Түркістан ауданының Чілік болысының №7 ауылында тұрған 26 жастағы Тағай Джандырбеков – жас болса да ірі шаруашылық иесі. Оның қожалығында: 1600 бас қой-ешкі, 120 бас ірі қара болған.

Тағай 5 жалдамалы жұмысшы ұстаған, ал салықтан жасырыну мақсатында малдың бір бөлігін туыстарының атына бөліп шығарып отырған.

Әкесі-өңірге белгілі ірі бай әрі қажы, отбасындағы дәстүрлі бедел жас Тағайдың қоғамдық ықпалына да әсер еткен. Әсіресе қайта сайлау науқандары кезінде ол Советтер құрамына өз туыстарын өткізу үшін белсенді әрекет жасаған.

Джексенбиев Қайсарбай-екі әйелі бар, мыңдаған малды басқарған ықпалды дәулет иесі

Мерке болысының №1 ауылында тұрған 30 жастағы Қайсарбай Джексенбиев – екі әйелі, үлкен шаруашылығы бар ірі байлардың бірі. Налог тізіміне ресми түрде: 4000 бас қой, 618 бас ірі қара енгізілген.

Алайда ол малын толық көрсетпей, бір бөлігін уақытша кедейлерге беріп, кейін қайта жинап алу арқылы салықтан жүйелі түрде жалтарған. Бұндай «қамқорлық» кедейлерді өзіне тәуелді ұстау тәсілі болған.

Қайсарбайдың есімі Беловод көтерілісімен де байланысты. Ол көтеріліске қатысқан бай-ұлтшыл Қарабай Әділбековпен тығыз байланыста болып, большевиктерге қарсы үгіт жүргізіп, «эсерлер халыққа көбірек пайда әкеледі» деп насихаттаған.

Батрақтармен еңбек шарты жасалмаған, кейбірі ұзақ уақыт жұмыс істеп, ешқандай жалақы алмағаны да тергеу құжаттарында көрсетіледі.

Егізбаев Даулетқазы-атақты Сәрсенбинов бидің ұрпағы, ру ішіндегі ықпалды бай

Мерке өңіріндегі Аспарин болысының №17 ауылында тұрған 30 жастағы Даулетқазы Егізбаев – текті әулеттен шыққан, екі әйелі бар дәулетті бай.

Оның шаруашылығында: 1000 бас қой, 150 бас ірі қара болған.

Даулетқазы-қазақ қоғамында ерекше рөл атқарған би-болыстар әулетінің өкілі. Ол атақты Сәрсенбинов бидің тікелей ұрпағы, сондықтан ауыл ішіндегі беделі мен ықпалы зор болған.

Кедей-көпшіктерге малды уақытша пайдалануға беріп, кейін қайта жинау арқылы оларды өзіне тәуелді етіп ұстап отырған. Бұл – дәстүрлі патроналық-тәуелділік формасының кеңестік кезеңнің өзінде жалғасқанын көрсетеді.

Ол байлар тобының құрамында жүріп, конфискациядан құтылып қалу үшін төменгі кеңес аппаратын өз ықпалына тартуға, сондай-ақ малдың қырылуы мен «табиғи апаттарды» сылтау еткен жалған актілер жасауға тырысқан.

Алайда бұл әрекеттері нәтиже бермей, 1928 жылдың күзіне қарай Даулетқазы Егізбаев 6 адамнан тұратын отбасымен бірге Урал округінің Сламихин ауданына күштеп жер аударылды.

Заурбеков Тұрғынбек-батрақ еңбегін қанаған, халықты үркіткен, саяси ықпалды бай

Әулиеата уезінің Асин болысының



№7 ауылында тұрған Тұрғынбек Заурбеков – кеңеске дейінгі беделді би және волостной управитель, ал кеңестік кезеңде – ірі бай.

Оның қожалығында: 1300 қой, 108 бас ірі қара, 5 жалдамалы жұмысшысы болған.

Тұрғынбек өз дәулетін негізінен кедейлерге қойды «взаимообразно» беру, яғни қайтарында екі есе мал талап ету арқылы жинаған. Батрақ еңбегі де жүйелі түрде қанауға ұшыраған: еңбек келісімшарттары жасалмаған; кей батрақтар жылдар бойы күндіз-түні жұмыс істесе де, жалақы алмаған.

Оның бұл әрекеттері қоғамда үлкен наразылық туғызып, 1928 жылы №2 «Еңбекші Қазақ» газетіне арнайы мақала жарияланған.

Архивте Тұрғынбектің қатыгездігін айқын көрсететін бір оқиға егжей-тегжейлі жазылған.

Ауылдың кедей азаматы, Көшші одағының мүшесі Ділдабай Джамбеков Заурбековке 100 рубльге мешіт салуға жалданады. Жұмыс аяқталған соң жалақысын сұрағанда, бай: «Қайда барсаң, бара бер, бірақ ақша бермеймін!» деп оны соққыға жыққан.

Сот бұл іске араласып, атқару қағазын шығарғанмен, Заурбеков ешқашан айыпты өтемеген.

1928 жылғы салық және қарыз облигацияларын тарату науқаны кезінде Тұрғынбек түнделетіп байлар мен орта шаруаларды жинап, «Қарыз сатып алмаңдар, салықты төлемендер!» деп үгіттеген.

Ал жерге орналастыру барысында ол ашық түрде қарсылық көрсетіп, бұл әрекеттер туралы ресми акті Земотделге жолданған.

Сондай-ақ ол малдың бір бөлігін салықтан жасыру мақсатында туыстарына, соның ішінде №4 ауылдың тұрғыны Кигызбаевқа, уақытша беріп отырған.

Игамбердиев Жаппар-Қызылқұмдағы малды бай, саяси топтардың мүшесі

Көктөбе өңірінде, Қызылқұм ауданының №19 ауылында тұрған Жаппар Игамбердиев – дәулетімен де, қоғамдық ықпалымен де танылған бай. Ол жартылай көшпелі шаруашылық жүргізіп, иелігінде: 40-тан астам ірі қара, шамамен 3000 бас қой-ешкі ұстаған.

Жаппар өңіріндегі белгілі саяси-әлеуметтік күш саналатын Қызылқұмдық байлар топтарының (группировкалардың) белді мүшесі болған. Бұл топтың мақсаты – ауылдағы дәстүрлі тәртіпті сақтау, кеңестік реформаларға қарсы ықпал жүргізу болғаны архивтен көрінеді.

Игізбаев Даулетқазы-мыңғырған малы бар, би әулетінен шыққан ықпалды бай

Мерке өңіріндегі Аспарин болысының №17 ауылында тұрған 38 жас-

тағы Дәулетқазы Игізбаев – аса дәулетті, елге ықпалды байлардың бірі. Оның шаруашылығында: 2000 бас қой, 210 бас ірі қара болған.

Ол бірнеше батрақ ұстап, олардың еңбегін ақысыз пайдаланғаны жөнінде архивтерде нақты мысал келтіріледі: төрт адамнан тұратын бір отбасын бір жыл бойы жұмыс істетіп, есеп айырыспай қуып жіберген.

Дәулетқазының беделі оның шыққан тегіне де байланысты: ол – атақты Сәрсенбинов бидің жақын туысы. Сонымен бірге оның артында кеңестік аппаратта қызмет еткен Жиылысбаев Мақсұт сияқты ықпалды туыстары тұрған.

Осы жағдайды пайдаланып, Дәулетқазы жергілікті аулдық кеңеспен бірлесіп, малдың қырылуы жөнінде жалған актілер толтырып, тәркілеуден жалтаруға тырысқан.

Излиев (Изеев) Бидаш-иелігінде 600-ден астам ірі қара болған дәулетті белгілі бай

Яны-Қорған ауданының №8 ауылында тұрған 60 жастағы Бидаш Излиев – ірі мал иесі, ауылдағы ықпалды тұлғалардың бірі. Оның шаруашылығында: 610 бас ірі қара, 500 бас қой-ешкі болған.

Архив деректері оның малын салықтан жасырыну үшін туыстарының атына бөліп таратқанын жазып көрсетеді.

Сонымен қатар, Бидаш соқа-сайман болмаған кедейлерге мал беріп, жер игеруге мүмкіндік жасағанымен, бұл көмектің шарты ауыр болған – кедейшігіне түскен өнімнің жартысын қайтаруға тиіс еді.

Оның ұлы Бексұлтан Бидашев – өкениң мал мен билікті ұстаған әулетінің мұрагері.

Икласов Жасұп-Сарысу өңірінің мыңдаған мал ұстаған дәулетті байы

Сарысу ауданының байы Жасұп Икласов – ірі мал иесі ретінде бүкіл өңірге танылған тұлға. Ол көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығын дамытып, иелігінде: ірі қараға шаққанда 1000-нан астам мал ұстаған.

Бұл көлем сол кезеңдегі ең ірі қожалықтардың бірі саналады. Архив құжаттары Икласовтың ауылдағы ықпалы зор болғанын көрсеткенімен, оның қоғамдық-саяси әрекеттері туралы дерек аз. Дегенмен мал санының өзі-ақ оның дәулетінің деңгейін көрсетеді.

Исабеков Мусабай-мыңғырған малы бар, пара арқылы жазадан құтылған Қызылқұм байы

Қызылқұм ауданының №1 ауылында тұрған Мусабай Исабеков – өңіріндегі ең дәулетті, әрі ықпалды байлардың бірі. Ол жартылай көшпелі өмір сүріп, бірнеше бат-

рақты жалдап жұмыс істеткен.

Оның қолындағы мал саны: 1000 бас ірі қара, шамамен 4000 қой-ешкі.

Мусабай Қызылқұмдағы бай топтарының белсенді мүшесі болған. 1928 жылы кеңестік органдар оны жауапкершілікке тартып, абақтыға жапқанымен, ол пара беру арқылы сотқа жетпей босап шыққан. Бұл оның сол кезеңдегі ықпалының күшті болғанын көрсетеді. Дело 15-участоктың халық сотында қаралған.

Исаев Жанаділ-Созақтағы беделді бай, діни көшбасшы және саяси ықпал иесі

Созақ ауданының №6 ауылында тұрған 45 жастағы Жанаділ Исаев – малшы ғана емес, өңірдегі ең ықпалды діни және саяси тұлғалардың бірі. Оның шаруашылығында: 800 бас қой-ешкі, 104 бас ірі қара, 8 десятина егістік, 3 жұмысшы болған.

Жанаділ кеңеске дейін 9 жыл бойы волостной управитель қызметін атқарған. Оның билік тәжірибесі мен беделі кеңестік кезеңде де сақталған.

1927 жылғы қайта сайлау кезінде ол бұрынғы қазый Мхамед-Шәріповпен бірге: президиумға өз адамдарын өткізуге агитация жүргізген, уезд өкілдерінің пікіріне қарсы шыққан, «Кең демократия принципі жүзеге асуы тиіс» деп мәлімдеген.

Архив деректері оның Сузақ өңіріндегі ықпалын «ерекше күшті» деп сипаттайды.

Жанаділ-ауыл арасындағы беделді дін қайраткері, өзінің діни ықпалын халықты өз жағына тарту үшін пайдаланған. Сонымен қатар, ол барымтаға қатысқан және ұйымдастырған тұлғалардың бірі ретінде көрсетілген.

Салықтан жалтару мақсатында ол мал мен егістікті толық көрсетпей, жасырып отырған.

Исмурзаев Емешек-өсімқорлықпен айналысқан, ықпалды Қызылқұм байы

Қызылқұм ауданының №7 ауылында тұрған 50 жастағы Емешек Исмурзаев – аймақтағы ең ықпалды дәулеттілердің бірі. Жартылай көшпелі шаруашылық жүргізіп, бірнеше жалдамалы батрақ ұстаған.

Оның иелігінде: 100 бас ірі қара, шамамен 4000 қой-ешкі болған.

Архив деректері оның ауыл кедейлерін өсімқорлық арқылы қарызға байлағанын, кейін оларды өзінің шаруашылығында жұмыс істеуге мәжбүр еткенін көрсетеді.

Емешек ауылдық кеңес органдарына да ықпал еткен: төменгі совет аппаратында сөзін өткізе алған; ауыл тұрғындары арасында да беделі жоғары болған.

1928 жылдың күзіне қарай Емешек Исмурзаев отбасымен бірге Урал округіне жер аударылып, мал-мүлкі тәркіленді.


Ишулқұлебаев Әліп-Яны-Қорған өңірінің ірі малды байы

Сырдария округінің Яны-Қорған ауданында тұрған Әліп Ишулқұлебаев – мал шаруашылығына бейім, дәулетті қазақ. Оның иелігінде: 246 бас ірі қараға тең мал болған.

Бұл – орташа ірі қожалықтар қатарына жататын көрсеткіш. Әліптің қоғамдық-саяси белсенділігі жөнінде архивтер аз мәлімет береді, алайда оның мал көлемі оны округ деңгейіндегі дәулеттілер санатына енгізеді.

**Самат Жұматайұлы,
Жас ғалым, Қазақстан және
Орталық Азия тарихын зерттеу
институтының бас директоры.
(Жалғасы бар).**

Мерей

Ауыл спортында
ізі қалған азамат

Иә, естеріңізде қалса, Теріскейдің Арқа атырабында Өлке деген жер атауы бар. Өлке туралы аңыз әңгімелер де жетерлік. Өлкенің мырзалығы, еңбекпен жиған мал-мүлкі, оның адами қасиеттері арқылы есімі елдің есінде, жердің тесінде қалды. Дүниенің бетін қарамайтын мәрт, сақы кісі екен. Келген қонағына қарасының көптігіне қарай қой, жылқы сойып, ас жабдығы, жаңа ыдыс аяғымен салтанатты түрде тартар екен. Сақылығы соншалық, сол қонақтардың ізі суымай жатып, келесілері аттан түсіп жатқанда жаңа сойыс малын әзірлеп, жаңа ыдыс-аяқ, жасау жабдық дайындайды. Аты осылай алты алашқа мәлім болыпты.

Сол есімді иеленген, Өлке есімді ағамыз бүгінгі күні арамызда тіршілік етіп жүр. Қарапайым, артық ауыз сөзі жоқ. Өз тірлігі өзінде көп қараша қазақтың бірі. Сейсенбаев Өлке Махашбаевич 1963 жылы 27 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласында дүниеге келген. 1970 жылы Созақ ауданы Шолаққорған ауылындағы Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебіне 1-сыныпқа барды. Мектеп қабырғасында 1978 жылы спорттың футбол ойыны түрінен Созақ ауданының намысын қорғап облыс көлеміндегі сайысқа қатысып 1 орынды иеленді. Тағы да осы жылы Семей қаласында өткен Республикалық «былғары доп» турнирінде еліміз бойынша алтыншы орынды иеленді. 1979-1980 жылдары аралығында облыс көлемінде 1 орын алып, Республикада футболдан Созақ ауданының намысын тағы да қорғауына тура келді. Аталған мектепті 1980 жылы бітірді. Мектепті бітірген соң Қарағандыдағы дене шынықтыру институтына оқуға түсті. 1981 жылы Қарағандыдағы «Шахтер» футбол клубының командасына ойыншы болып қабылданып, сол командада 1984 жылға дейін ойнап, «Спорт шеберлігіне үміткер» нормативін орындады. 1984-1985 жылы Совет Армиясына әскер қатарына алынып, одан КПСС қатарына мүшелікке өте жүріп, туған жерден тыс жерде Отан алдындағы азаматтық борышын өтейді.

Еңбек жолын 1986 жылы 3 қаңтардан бастап өзі оқыған Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебіне дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастады. 1989 жылы осы мектепте мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары, 1990 жылы педагог-ұйымдастырушы болып

жұмыс атқарды. 1991 жылы Калинин атындағы орта мектепте алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып ауысты.

1992-1994 жылдары балалар спорт мектебінің директоры, 1995-1999 жылдары Таукент кентіндегі І.Кеңесбаев атындағы қазақ-орыс мектебінің директоры болып өз қызметін жалғастырды.

1999 жылдан бері уран өндірісінде, атап айтқанда Қыземшек қалашығындағы тау-кен өндірісіне жұмысқа ауысады. Отбасы жағдайына байланысты өз жұмысын Таукент кентіндегі «Қанжуған» өндірісіне ауыстырды. Өндіріс саласында жүріп 2006 жылы Алматыдағы Қ.Сәтбаев атындағы политехникалық университетінің сырттай оқу бөліміне оқуға түсіп, аталған оқу орнын 2008 жылы «Жер асты байлықтарын қазу» мамандығы бойынша аяқтады.

Бүгінгі таңда Өлке Мақашбайұлы «Қазтомөнеркәсіп» АҚ ҰАК-на қарасты «Sauran» мекемесінде ГТП инженер-механик болып қызмет атқарып келеді. Ұзақ жылдардағы ерен еңбегі үшін «Атом саласының үздігі», «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК-ның Құрмет грамотасымен, аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың Алғыс хаттарымен, «Атом саласының ардагері», «Ардагер спортшы» төсбелгілерімен марапатталған. Қайсыбір жылы ердің жасы өлуге толған тойын дүркірәтіп өткізді. Мерейтойға Астанадан, республикамыздың түкпір-түкпірінен қонақтар келіп қатысты. Құттықтау хаттар мерейтой иесінің атына ағылып келді. «Шахтер» футбол командасының атқарушы директоры Е.Халиллиннен, Қазақстанның футбол федерациясының вице-президенті В.Г.Катковтың, Қазақстан Республикасы спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары Елсияр Қанағатовтан Құттықтау хаттар келіп, мерейтой иесінің мерейін тасытқаны бар.

Үлкені қызы Гаухар Өлкеқызы «Катко» БК-да лабораторияда техник, ұлы Сейсенбаев Қанат «Орталық» ЖШС-кенішінде шебер, қызы Махашбаев Нұрсәуле отбасылы. Ұстаз химия-биология пәнінің мұғалімі, кенже ұлы Болат «Катко» БК-да аппаратшы-оператор болып қызмет атқарады. Барлығы жастайынан спортпен шұғылданады. Олар спорттың волейбол, баскетбол, үстел теннис спорттарымен айналысады. Жұбайы үй шаруасымен айналысады зейнеткер.

Президентіміздің еңбек адамдарын насихаттау керек деген сөзін барлығымыз оқыдық. Сондықтан Созақ спортының ардагері, «Қазатомөнеркәсіп» «SAURAN» кенішінің ардагері Сейсенбаев Өлке Махашбайұлы қандай құрметке болса да әбден лайықты жан. Алпыстың асқарын бағындырып, жетпістің желкенін ұстап ақсақалдық жолға бет алған аптал азаматтың кейінгі жас ұрпаққа берген тәлім тәрбиесі, салауатты ұрпақ қағидасын басшылыққа алып жас ұрпаққа деннің саулығы, спортпен шұғылдану, отаншылдық рухта әрқашанда алдыңғы сапта болу керек екендігін өз ісімен үлгі-өнеге болғаны үшін алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Мақсат Жеңісұлы.

Әлі топырағы да кеуіп үлгермеген, алдымен аяулы ана, одан кейін адал жар, ардақты ұстаз атанған Ханым апаны бұрыннан ерек танитынмын. Оның үстіне апамызды жақыннан біле түсуіме ұлы Бекзат екеуіміздің алғаш мемлекеттік қызметте жүргенде сыйластық, достық кілті себеп болды. Қашан барсаң да құшағын айқара ашатын ардақты жан өзінің ұстамдылығымен, білімімен, адами қасиетімен ерекшеленетін. Сондай-ақ емшілік қасиеті де бар болатын. Ол кісі туралы елдің аузынан тек жақсы әңгімелер естуші едім. Апамыздың әу баста ата-аналары азан шақырып қойған есімі Рысханым. Бірақ ел Ханым атап кеткен.

Ханым апамыздың арғы аталары орта жүздің ішінде найман руынан екен. Өзін тікелей әйгілі от ауызды орақ тілді Байғара-Ақтайлақ шешеннен таратып берген еді. Үйінде тұрған қаси-



Сənbeydi ана шырағың

етті қара қобызбен бабалары кезінде талай науқастың жан жарасын жазған алтын қолды емшілер болыпты. Ханым апам арапша да хат таниды. Құран Кәрімді түп нұсқадан оқиды екен.

Алғашқы да өзіне киелі қасиеттің қонғанын байқамайды. Бір күні есік ашылып, қайта жабылғандай болады. Біреу келіп кіруге именіп тұрғандай болады.

-Үйге біреу келіп тұр-ау,-дейді балаларына. Балалары сыртты көріп келіп: -Апа, ешкім де жоқ,- дейді.

Бірақ бұны өзіне қонғалы келген қасиетті тылсым күш екенін өзі ғана іштей сезеді.

Мектепте шәкірттерге дәріс беріп жүргенде бірде облыстан комиссия келіп ұстаз Махажанова Ханым апайдың сабағына кіретін болады. Сабақ басталған соң алғашқыда сабағын тексеріп баға қоятын қонақтардан аздап қысылғандай болады да артынша денесіне бір қуатты күш пайда болғандай болып, ерекше шабытпен өзі ойламаған әдіс-тәсілмен сабағын өтеді.

Облыстан келгендер бұл сабақтың өзгеше, жаңаша сипатта өткенін айтып жоғары бағалап, іс-тәжірибесін ауданға таратады. Бұл тылсым күштің қасиеті одан әрі жалғаса береді, әрі бойына мол қуат бере береді. Алақанынан қуатты энергия бөлініп, оны науқас жанға жұмсап шипалық дәреметін көрсетуді табиғи қалып санайды. Содан бері Ханым апаның шипасын алуға алыс-жақыннан адамдар ағылып келе бастайды. Басқалардан ерекшелігі емші ешқандай дәрі, шөп, сыйықтық қолданбайды екен. Тек алақанның ерекше қуатымен ғана емдік қасиетін дарытады.

Қазақтың ақын қызы Ақұштап Бақтыгерева ауданымызға қонақ болып келгенінде, мазасы болмай апамның ерекше шипасын қабылдап, денесін зіл тартқан мазасыздығынан айығып таң қалып кеткен екен.

Марқұм емші апамыз бір жолы сөз арасында:

-Қарағым мен ештеңеге мұқтаж емеспін. Балаларым бар. Құдайға шүкір, бәрі де жоғары білімді. Ел жүгін арқалаған азаматтар. Олар менің бұл қасиетімді бағалап дұрыс түсінеді. Мен біреуден бірдеңе дәмәтіп жүрген жан деп ойлама.

Тек бүгінгі күні халықтың тұрмысы түзелгенімен табиғаттың түрлі құбылыстар мен ауытқуларынан олардың денсаулығы сыр беріп жүр. Соған сәл болса да Алланың дарытқан қасиетін жұмсасам деген ниеттемің. Шырылдап жылаған балаға қолымда көмегім бола тұра қалай көмектеспей тұрамын. Өйткені анамын ғой. Ал осы қасиетім тоқтаған күні немесе күш қуатым сарқылған күні менде шарасызбын,-деді апам ағынан жарылып еді.

Кезінде апамыз сияқты табиғаттың тылсым күші бойларына дарыған талай азаматтарды, олардың үрім бұтақтарын «бақсы, тәуіп» немесе «солардың тұқымы» деп қуғын-сүргінге

ұшыратқаны қалың бұқара халыққа аян.

Табиғаттың тепе-теңдігі демекші жаратушы иеміз табиғат ана арқылы өзі жаратқан тіршілік иелерінің түрлі науқастардан айығуы үшін сол тіршілік иелерінің кейбіріне емшілік қасиеттерді ықылым замандардан қондырған сыңайлы.

Байқап жүргеніміздей көпшілік қауымның кейде басы ауырып, балтыры сыздағанда халық емшілеріне барып емделіп жүргенін білеміз. Бұл деген адамзат баласының рухани және сана сезімдері бойынша тән дүниесіне саулық іздегенде емшілік дәстүрге мойын ұсынатындығын білдіреді.

Аяғөздік ару Қызылорда қаласындағы педагогикалық училищеде ұстаздық салада білім алады. Жар табады. Жатақханада кейде үйде, пәтер жалдап жастық шақтағы күндерін бірге өткізген олар өмірдің ащы-тұщысын да бірге татысып тіршілік көшеді.

Аяулы жары Тай көкемізде Қызылорда қаласындағы сол уақытта В.Н. Гоголь атындағы педагогикалық институттың түлегі, жоғары білімді математик. Білімді екі жас1959 жылы айтулы жоғарғы оқу орнын тәмамдап туған ауданы-Созақ өлкесіне табан тірейді. Келген бетте сонау шалғайда жатқан Жуантөбе ауылына барып еңбек жолын бастайды. Ұстаздық қызметте жүріп, алдыңғы толқын ағалар мен апалардан бала оқыту еңбегінің қыры мен сырын үйрене түсіп, үлкен еңбек майданын бетке алады. Мамандықтарын басты мұраттары санап, қос жас ұстаз араға жыл салып, Құмкент орта мектебіне ауыстырылады. Аудан орталығына бір табан жақындап, оның үстіне қайда барса да, ең бірінші бала тәрбиелеу міндеттері екенін ұғынып, екі жылдан соң Шолаққорғанға көшіп келеді. Бұл 1962 жылы тәжірибесі ысылған, әрі жоғарғы білімі мен іскерлігі есепке алынып, бірі Ы.Алтынсарин орта мектепке мектеп директорының сыныптан тыс оқу ісі жөніндегі орынбасары болып бекітілсе, бірі А.Сүлейменов атындағы орта мектепте ұзақ жылдар қарапайым ұстаздық қызмет атқарады. Екеуі де қызмет еткен жылдары ішінде Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі атанып, облыстық, аудандық білім бөлімінің алғыс хаттармен, құрмет грамоталарымен, 2010 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен «Күміс алқа» алқасымен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл» мерекелік медалдарымен марапатталады. Ханым апа аудан орталығындағы Әлия Молдағұлова атындағы орта мектептен зейнет демалысына шығады. Соңында саналы ұрпағы мен айта жүрер елеулі еңбектері, елге шарапаты тиген емшілік қасиеті туралы елдің алғысы мен аңыздай естеліктері қалды. Бұл шағын мақала аяулы ұстаздың рухына оқыған дұғамыз, қабіріне салған бір шым-шым топырағымыз болсын!

Мақсат Нұрдауегі.

Хабарландыру

“Қазатомпром-SaUran” ЖШС, 19/01/2026 сағат 14:00-де, “Уванас” кен орнының және “Уванас” кенішінің Шығыс, Орталық және Батыс учаскелерінде пайдаланылған блоктарды жою және рекультивациялау “” Уванас” кенішінің өнеркәсіптік алаңын жою және рекультивациялау “қоғамдық тыңдауларын өткізеді.

Тыңдау Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, кен басқармасы ғимараты мекенжайы бойынша өтеді. Сарыарқа көшесі № 10 ғимарат, 1 қабат-Конференц зал.

Келушілерді ұйымдастырушы ұйымның өкілдері қарсы алады. Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті (45.267611483923815, 68.92924435-207048; 45.262410345562074, 68.92683837741862; 45.26247082665344, 68.91727176392192; 45.26759132539273, 68.91575370848683), қашықтық 0 км.

Бастамашы-“Қазатомпром-SaUran” Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі, Қазақстан, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент ауылдық округі, Таукент ауылы, 1 шағынауданы, 133 үй, 108 пәтер, пошта индексі 161003.

Жауапты орындаушы Разматов Рахымжан.

Байланыс телефоны: +7 776 077 5001

Әзірлеуші кәсіпорын: “Актино-СКБ” ЖШС, Алматы, Фонвизин көшесі, 10

Жауапты орындаушы Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында “Қоғамдық тыңдаулар” бөлімінде; <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Кіру Конференциясы

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtYjZbXjNkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады: электрондық мекенжайлар бойынша: ndbecology.gov.kz; 161200, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, ш / а. ЖАҢА ҚАЛА, 32 КӨШЕ, ҒИМАРАТ. 20: “Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” мемлекеттік мекемесі. e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Объявление

ТОО «Казатомпром-SaUran», 19/01/2026 в 14:00 часов, проводит общественные слушания ««Ликвидация и рекультивация отработанных блоков на Восточном, Центральном и Западном участках месторождения «Уванас» и рудника «Уванас» «Ликвидация и рекультивация промышленной площадки рудника «Уванас».

Слушания пройдут по адресу Туркестанская область, Сузакский район, поселок Кыземшек, Здание рудоуправления. Улица Сарыарқа здание №10, 1 этаж - Конференц зал. Посетителей встретят представители организации организатора.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Туркестанская область, Сузакский район, поселок Кыземшек (45.267611483923815, 68.92924435207048; 45.262410345562074, 68.92683837741862; 45.26247082665344, 68.91727176392192; 45.26759132539273, 68.91575370848683), расстояние 0 км.

Инициатор–ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «КАЗАТОМПРОМ-SAUARAN», Казахстан, Туркестанская область, Сузакский район, сельский округ Таукент, село Таукент, Микрорайон 1 Ыкшамаудан, дом 133, кв. 108, почтовый индекс 161003.

Ответственный исполнитель Разматов Рахымжан.

Контактный телефон: +7 776 077 5001

Предприятие разработчик: ТОО «Актино-СКБ», Алматы, ул. Фонвизина, 10

Ответственный исполнитель Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области, в разделе «Общественные слушания»;

<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Войти Zoom Конференция

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtYjZbXjNkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: ndbecology.gov.kz; 161200, ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ, ГОРОД ТУРКЕСТАН, МКР. ЖАҢА ҚАЛА, УЛ. 32, ЗД. 20: Государственное учреждение «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Хабарландыру

«Оңтүстік Тау-Химиялық Компаниясы» Бірлескен Кәсіпорны» ЖШС, 19/01/2026 в 11:00 “Ақдала” кенішінің рұқсат етілетін шығарындылар (ҚҚС) нормативтерінің жобасына материалдар бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға, Ақдала кенішінің жол берілетін төгінділері (ҚҚС) нормативтеріне, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына (ӨЭҚ), қалдықтарды басқару бағдарламасына (ҚҚС) қоғамдық тыңдаулар өткізеді), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ППМ)”.
Тыңдау Түркістан облысы, Созақ ауданы, а. Қыземшек кенті, Қыземшек кенті, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді.

Келушілерді ұйымдастырушы ұйымның өкілдері қарсы алады.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті (45.267611483923815, 68.92924435207048; 45.262410345562074, 68.92683837741862; 45.26247082665344, 68.91727176392192; 45.26759132539273, 68.91575370848683), қашықтық 50 км.

Бастамашы-Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік «Оңтүстік Тау-Химиялық Компаниясы» Бірлескен Кәсіпорны», БИН: 140840001183, 161006, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек ауылдық округі, Қыземшек кенті, Ш / А. 1 ықшамаудан, 23 үй, 36 пәтер.

Жауапты орындаушы Рафикова Дарья. Байланыс телефоны : +7 7252 99 73 93 (вн. 45-863)

Әзірлеуші кәсіпорын: «Актино-СКБ» ЖШС, Алматы, Фонвизин көшесі, 10

Жауапты орындаушы Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында “Қоғамдық тыңдаулар” бөлімінде; <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru> Кіру Масштабтау Конференциясы <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtYjZbXjNkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады: электрондық мекенжайлар бойынша: ndbecology.gov.kz; 161200, ТУРКІСТАН ОБЛЫСЫ, ТУРКІСТАН ҚАЛАСЫ, Ш / А. ЖАҢА ҚАЛА, 32 КӨШЕ, ҒИМАРАТ. 20: “Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” мемлекеттік мекемесі. e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Хабарландыру

«ОңтүстікТау-ХимиялықКомпаниясы» Бірлескен Кәсіпорны» ЖШС, 20/01/2026 12:00 “Оңтүстік Инкай” кенішінің рұқсат етілетін шығарындылар (ҚҚС) нормативтерінің жобасына материалдар бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға, “Оңтүстік Инкай” кенішінің жол берілетін төгінділері (ҚҚС) нормативтеріне, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына (ӨЭҚ), қалдықтарды басқару бағдарламасына (ҚҚС) қоғамдық тыңдаулар өткізеді), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары(ППМ)”.
Тыңдау Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тайконыр кенті, “ДЕМУР” клубы.

Келушілерді ұйымдастырушы ұйымның өкілдері қарсы алады.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тайконыр кенті (45.21292969648834, 67.53214838513453; 45.210237455951166, 67.5401771281012; 45.20500080662219, 67.5355141463782; 45.2090765-42267596, 67.52478578241401; 45.212682707253286, 67.52709974326903), қашықтық 5 км.

Бастамашы-Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік «Оңтүстік Тау-Химиялық Компаниясы» Бірлескен Кәсіпорны», БИН:140840001183, 161006, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек ауылдық округі, Қыземшек кенті, Ш / А.1 ықшам аудан, 23 үй, 36 пәтер.

Жауапты орындаушы Рафикова Дарья. Байланыс телефоны:+7 7252 99 73 93 (вн. 45-863)

Әзірлеуші кәсіпорын: «Актино-СКБ» ЖШС,Алматы,Фонвизин көшесі,10

Жауапты орындаушы Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында “Қоғамдық тыңдаулар” бөлімінде; <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Кіру Масштабтау Конференциясы <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtYjZbXjNkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды:123456

Ескертулермен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады: электрондық мекенжайлар бойынша: ndbecology.gov.kz; 161200, ТУРКІСТАН ОБЛЫСЫ, ТУРКІСТАН ҚАЛАСЫ, Ш / А.ЖАҢА ҚАЛА, 32 КӨШЕ, ҒИМАРАТ. 20: “Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” мемлекеттік мекемесі. e-mail: e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Объявление

ТОО «Совместное предприятие «ЮЖНАЯ ГОРНО-ХИМИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ», 19/01/ 2026 в 11:00 проводит общественные слушания «На получение экологического разрешения на воздействие по материалу к проекту нормативов допустимых выбросов (НДВ) рудника «Ақдала», нормативам допустимых сбросов (НДС) рудника Ақдала, программа производственного экологического контроля (ПЭК), программа управления отходами (ПУО), план природоохранных мероприятий (ППМ)».

Слушания пройдут по адресу Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек, здание Акимата. Посетителей встретят представители организации организатора.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Туркестанская область, Сузакский район, поселок Кыземшек (45.267611483923815, 68.92924435207048; 45.262410345562074, 68.92683837741862; 45.26247082665344, 68.91727176392192; 45.26759132539273, 68.91575370848683), расстояние 50 км.

Инициатор – ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «СОВМЕСТНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЮЖНАЯ ГОРНО-ХИМИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ»,

БИН: 140840001183, 161006, ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ, СУЗАКСКИЙ РАЙОН, СЕЛЬСКИЙ ОКРУГ КЫЗЕМШЕК, ПОСЕЛОК КЫЗЕМШЕК, МКР. 1 ЫКШАМАУДАН, Д. 23, КВ. 36

Ответственный исполнитель Рафикова Дарья.

Контактный телефон: +7 7252 99 73 93 (вн. 45-863)

Предприятие разработчик: ТОО «Актино-СКБ», Алматы, ул. Фонвизина, 10

Ответственный исполнитель Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области, в разделе «Общественные слушания»;

<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Войти Zoom Конференция

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtYjZbXjNkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: ndbecology.gov.kz; 161200, ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ, ГОРОД ТУРКЕСТАН, МКР. ЖАҢА ҚАЛА, УЛ. 32, ЗД. 20: Государственное учреждение «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Объявление

ТОО «Совместное предприятие «ЮЖНАЯ ГОРНО-ХИМИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ», 20/01/2026в 12:00 проводит общественные слушания «На получение экологического разрешения на воздействие по материалу к проекту нормативов допустимых выбросов (НДВ) рудника «Южный Инкай», нормативам допустимых сбросов (НДС) рудника«Южный Инкай», программа производственного экологического контроля (ПЭК), программа управления отходами (ПУО), план природоохранных мероприятий (ППМ)».

Слушания пройдут по адресу Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Тайконыр, сельский клуб «Демур», актовый зал. Посетителей встретят представители организации организатора.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Туркестанская область, Сузакский район, поселок Тайконыр (45.21292969648834, 67.53214838513453; 45.210237455951166, 67.5401771281012; 45.20500080662219, 67.5355141463782; 45.209076542267596, 67.52478578241401; 45.212682707253286, 67.52709974326903), расстояние 5 км.

Инициатор – ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «СОВМЕСТНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЮЖНАЯ ГОРНО-ХИМИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ»,

БИН: 140840001183, 161006, ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ, СУЗАКСКИЙ РАЙОН, СЕЛЬСКИЙ ОКРУГ КЫЗЕМШЕК, ПОСЕЛОК КЫЗЕМШЕК, МКР. 1 ЫКШАМАУДАН, Д. 23, КВ. 36

Ответственный исполнитель Рафикова Дарья.

Контактный телефон:+7 7252 99 73 93 (вн. 45-863)

Предприятие разработчик: ТОО «Актино-СКБ», Алматы, ул. Фонвизина, 10

Ответственный исполнитель Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области, в разделе «Общественные слушания»;

<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

ZOOM Конференция

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtYjZbXjNkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: ndbecology.gov.kz; 161200, ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ, ГОРОД ТУРКЕСТАН, МКР. ЖАҢА ҚАЛА, УЛ. 32, ЗД. 20: Государственное учреждение «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области».e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Мектеп асханаларында жаңа тамақтану стандарты енгізілді

Балалар денсаулығы–басты назарда! 2025–2026 оқу жылынан бастап барлық білім беру ұйымдарында жаңа үлгідегі тамақтану стандарты енгізіліп, оқушыларға арналған ас мәзірі жаңартылды. Жаңа стандарт не береді? Ас мәзірі 4 апталық маусымдық циклмен жасалады; Қуыру тәсілдері азайып, бұға пісіру, бұқтыру, қайнату әдістері қолданылады; Көкөніс, жеміс-жидек, сүт және ет өнімдерінің сапасы күшейтілді; Майлы, тұзды, тәтті және газдалған өнімдер мәзірден алынды; Тағам тек санитариялық талаптарға сай рұқсат етілген өнімдерден дайындалады.

Мақсат: балаларға дәмді әрі қауіпсіз тағам ұсыну, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Жаңа стандарт –оқушының денсаулығын қорғау, оқу үлгерімін жақсарту, салауатты өмір салтын нығайту жолындағы маңызды қадам.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының
басшысы.



Сүмбіле қыздың сырлы әлемі

Ақын Гүлнар Есіркепқызы Өмірбектің 65 жас мерейтойына арналған рухани кеш өтті. Созақ аудандық орталық кітапханасында Теріскей елінің талантты перзенті, ақын, аудармашы, Қазақстан Журналистер және Жазушылар Одақтарының мүшесі, кітапхана саласының ардагері Гүлнар Есіркепқызы Өмірбектің 65 жылдық мерейтойына арналған «Сүмбіле қыздың сырлы әлемі» атты рухани кездесу кеші ұйымдастырылды.

Шара ұлттық билермен ашылып, биші қыздардың әсем қимылынан кейін ақын Гүлнар Есіркепқызы сахна төріне шақырылды. Одан соң ақынның өмір жолынан сыр шертетін арнайы дайындалған бейнебаян көрермен назарына ұсынылды.

Кештің ресми ашылуын Созақ ауданы әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы жүргізіп, мерейтой иесіне жүрекжарды тілегін арып, аудан әкімінің арнайы құттықтау хатын, сондай-ақ ақ орамалын жауып, шапанын табыстап, ақынға зор қошемет көрсетті.

Жүргізушілер Балнұр Жұмабаева мен Айгерім Нұралықызы ақынның еңбек жолы мен рухани мұрасын кеңінен таныстырды. Гүлнар Есіркепқызы 40 жылға жуық уақытын кітапхана саласына арнап, мәдениет пен руханияттың дамуына зор үлес қосқан білікті маман екені айтылды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де шығармашылық белсенділігін жалғастырып, С.Қожанов атындағы тарихи-өлкетану музейінде жемісті еңбек еткені де аталды.

Кештің маңызды тұсы-ақынның жаңа кітабы «Ақәділ әлем» жинағының кітапхана қорына сыйға тартылуы болды. Бұл сәтте кітапхана директоры Нұржамал Әбілжанқызы сахнаға көтеріліп, автор ұсынған жаңа кітапты ыстық ықыласпен қабылдап алып:

«Гүлнар Есіркепқызының бұл еңбегі-оқырманға бағалы сый, кітапхана қорын байытатын құнды туынды. Қаламыңыз мұқалмай, оқырман жүрегің тербейтін жырларыңыз көбейе берсін!» – деп жүрекжарды лебізін білдірді.

Ақынның ұзақ жылдық кі-

тапханашылық еңбегін ерекше құрметтеген шәкірттері ортаға шығып, гүл шоқтарын, тәтті сыйлықтарын ұсынып, ыстық ықыластарын жеткізді. Гүлнар Есіркепқызының шәкірттерінің бірі Кенже Тастыбаева әдемі ән жолдарын тарту етіп, кештің сәнін аша түсті.

Өлеңдер оқылып, шығармашылық лирикаға толы сәттер жалғасты. Балалар кітапханасының оқырмандары ақынның балаларға арналған жыр жинақтарынан жатқа өлең оқып, рухани кештің шырайын кіргізді. Сонымен қатар мектеп ұстаздары, жас ақындар мен өнерпаздар ақынның өлеңдері мен арнау жырларын паш етті.

Ардагер кітапханашылар мен зиялы қауым өкілдерінің құттықтауы

Кеш барысында Гүлнар Есіркепқызымен бірге кітапхана саласының дамуына үлес қосқан ардагер кітапханашылар, сондай-ақ ауданның рухани өмірінде белсенді тұлғалар-ҚР Мәдениет қайраткері, Құлыншақ Кемелұлы бірлестігінің төрағасы Мыңжасар Асқарұлы, ақын, драматург Байділдә Айдарбеков, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері Талғат Шаймерденов, әйелдер кеңесінің төрайымы Гүлдана Шерниязқызы, суретші, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Ақмарал Бейімбетқызы, С.Қожанов музейінің мамандары-кеш кейіпкеріне жүрекжарды тілектерін арнап, шығармашылық жолына жоғары бағаларын берді. «Мыңжылқы» мәдениет сарайының әншісі Мархаббат Бейсенова ақынның сөзіне жазылған бірнеше әндерін тарту етті.

Сөз соңында Гүлнар Есіркепқызы оқырман қауымына, әріптестеріне, шәкірттеріне ризашылығын білдіріп, шынайы алғысын айтты.

«Көзімді ашып көргенім – кітап» деген бір ауыз сөзі оның тұтас ғұмыр жолының айқын бейнесіндей әсер қалдырды.

Кеш соңында жүргізушілер: Гүлнар Есіркепқызының қаламы мұқалмай, жыры жаңғырып, рухани әлемі әрқашан оқырманмен бірге бола берсін!» – деп шараны қорытындылады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ауыл жұрты ардақты азаматын еске алды

Құмкент ауылындағы Ерлан Тұрабаев атындағы спорт кешенінде дәрігер, бірнеше мәрте аудандық мәслихаттың депутаты болған марқұм Ерлан Аманжолұлы Тұрабаевты еске алу мақсатында жыл сайын өтіп келе жатқан кіші футболдан облысаралық дәстүрлі турнир өзінің кезекті шымылдығын ашты. Өткен жылдары ауыл тұрғындарының өтінішімен ауыл ортасындағы спорт кешеніне асыл азаматтың есімі берілген болатын. Ерланның өзі өмірінің соңына дейін спортты жанына серік еткен азамат болатын. Аталмыш шараны Ерланның туыстары, кластас достары, ауылдық әкімдік ұйымдастырды. Естеріңізде болса, түнеу жылғы ел

*Бір-біріне сөйлеуге де қорқады,
Ал тажал жүр көшелерде кердеңдей.*

*Шығуға да қорқады адам үйінен,
Әр тұрғынның қас-қабағы түйілген.
Қазалы үйлер қатарлары көбейіп,
Қасіреттен талай әулет күйінген.*

*Сонда Ерлан қос білегін түрді де,
Батырларша тажалменен күресті.
Қобыланды, Алпамыстай кешегі,
Іргелеген қу дұшпанмен тіресті.
Қанша жанның араша боп дертіне,
Өзі кірді сұм ажалдың өртіне.
Өзін емес өзгелерді ойлады –ол,*



басына нәубет болып келген пандемия кезінде дәрігерлік антына адал азамат ЕрланТұрабаев сол қасіретпен күресу жолында опат болған еді. Ол өзі сұранып Түркістан қаласындағы пандемия ошағы саналатын ауруханада науқас жандарға күндіз-түні қол ұшын созамын деп ауыр індетті жұқтырып, соның салдарынан қаза тапқан еді. Асыл азаматтың бейнесін ел есінде қалдыру үшін және жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатында спорттық шара ұйымдастыруды жанаушы жандар қолға алған болатын. Ауданымыздың ауылдары мен елді мекендерінен барлығы тоғыз команда қатысты. Таңертең басталған турнир түн ортасында мәресіне жетті. Бірінші орын 100 мың теңге сыйлықты Құлыншақ Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебінің командасы (Жарты төбе ауылы), екінші орынды 70 мың теңгенің сыйлығы Фани Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің командасы (Сызған ауылы), үшінші орынды 50 мың теңге сыйлықты Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп гимназияның командасы (Құмкент ауылы) иеленді. Қалған командалар да құралақан қайтқан жоқ.

Ерлан десе, Ерлан еді ер тұлға!

(Ерлан Тұрабаевтың рухына!)

*Қан түкіріп уын шашқан кешегі
Ұлдың кетті, қыздың кетті нешеуі.
Заман ақыр болды-ау дедік шошынып,
Келген кезде қасіреттің кеселі.
Қолдан келер дәрмен істе қалмады,
Қап-қара боп атты күннің таңдары.
Атың өшкір, затың өшкір тажал-ай,
Қанша өмірді, қанша ерді жалмады.*

*Бір-бірінен қашады адам қол бермей,
Бір-бірінен қашады адам жол бермей.*

Қайта тұрып құласа да мертіге.

*Адалдықпен дәрігерлік антына,
Жақын жүрді өзі сүйген халқына.
Пендешілік жасауға да болар еді,
Өзгелердей өртке кірмей тартына.*

*Ерланды мен жақсы білем жасынан,
Жігіт еді сөз асырмас басынан.
Топқа кіріп кетуші еді қорықпай,
Кегін алмақ болған кезде қасынан.*

*Жігіт болды қайраулы әркез намысы,
Жан беретін тымауратса танысы.
Ерлан десе, Ерлан еді нағыз ол,
Күллі жұртқа жеткен оның дабысы.*

*Сан сұрақтар мазалайды мені де,
Нағыз қазақ шын жанаушы еліне.
Қаһармандық атақты да қимадық,
Құмкенттің Ерландайын өріне.*

*Қызғандық-ау қу темірін жалғанның,
Ерлан кетті уын ішіп арманның.
Оған сенің керек емес мақтауың,
Мақсатына ғана керек қалғанның.*

*Оған керек дұға менен құраның,
Қайран менің батыр текті ұланым.
Қызғаныштың қызыл етін жерге көм,
Қайран менің қандас жұртым, тұраным.*

*Ғимаратқа берген өкен есімін,
Біресе іліп, біресе алып көшірдің.
Болатын ел бірін бірі батыр дер,
Болмайтын ер бірін бірі атып жер.*

*Азамат ед жаны бөлек ел жанды.
Намысы бар жүрегі кең ел қамды,
Құрсыншы бәрі тегіс бәтшағар.
Ұмытпайық, ұмытпайық Ерланды!
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.*

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3150 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев